



**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ  
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**



**«БЕКТЕМІН»**

**ХИТУ ректоры, т.ғ.д.,  
профессор Б.Н.Қорғанбаев**

*Handwritten signature*

**2016ж.**


**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ - ТЕХНИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2016-2020 ЖЫЛДАРҒА  
АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

**ШЫМКЕНТ – 2016**




**Келісілді:**

ХГТУ Әкімі жөніндегі проректор,  
 М.Е.Сабырова

Ғылыми жұмыстары жөніндегі проректор,  
 С.У.Еркебаева

Бас бухгалтер  
 Б.М.Бекманова

Кадр бөлімінің бастығы  
 Д.Н.Садикова

**Әзірлеген:**

Кеңесші, техн.ғ.к., доцент  Р.Д.Абишева

Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің 25 қаңтар 2016 жылы Ғылыми Кеңесінде талқыланып, № 6 Хаттамамен бекітілді.



Университеттің 2016-2020 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары ХГТУ Ғылыми кеңесінің мәжілісінде қайта қаралып, бекітілді (№ 6 хаттама, 25 қаңтар 2016ж.).

Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің стратегиялық даму жоспарында ХХІ ғасыр басындағы жоғары кәсіби білім беру перспективалары талданып, білім беру жүйесінің жаһандану және интеграциялану жағдайларындағы жоғары білім беруді дамыту, ондағы қазіргі әлемдік үрдістердің қолданылуы қарастырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің өмір сүру мен еліміздегі адам ресурстарының сапасын жақсарту мақсатындағы ғылым, білім беру кешенінің алдына қойған міндеттеріне басты назар аударылады.

Университет дамуының басты білім беру концептуалдық принциптері ретінде білім беру мен ғылымды іргелендіру, ізгілендіру, ақпараттандыру және интеграцияландыру мәселелері көрсетілген және соған негізделген.

Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің маңызды бағыттарына білім беру қызметінің сапасын жақсарту, оқыту мен тәрбиелеу интеграциясын қамтамасыз ету, білім беру үдерісінде субъектіде патриоттық сезімді қалыптастыру, бәсекеге қабілетті салауатты ортада жеке тұлғаның өзін өзі дамытуы, әлемдік еңбек нарығында жас ұрпақтан бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау жатады.



*Жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Көп жазынан бұл халықты еңбекпен қамту мәселесін шешіп береді. Жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар қолданбалы және ғылыми-зерттеушілік бөлімшелерін құруы және дамытуы қажет.*

*ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев  
(Қазақстан 2050)*



## СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-111 «Білім туралы» Заңы.
3. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 408-IV ҚРЗ «Ғылым туралы» Заңы.
4. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы № 252-III «Еңбек Кодексі».
5. «Жоғары оқу орны қызметін ұйымдастырудың Типтік Ережесі» (№ 499 бұйрық, 17. 05. 2013 ж.)
6. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар
7. ҚР Президентінің 2010 жылғы 10 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен шыққан «2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы».
8. «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы.
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 258 Қаулысы
10. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «5 университеттік реформалар – Ұлт жоспары». 26 сәуір 2015 ж.
11. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам» бағдарламасы. 03 мамыр 2015ж.
12. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму». 30 қараша 2015ж.



### Негізгі қысқартулар

ҚР БжҒМ	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ҚР ӘМ	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ХГТУ	Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті
ЖОО	Жоғары оқу орны
ОПҚ	Оқытушы-профессорлық құрам
ҚР ҰҒА	Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы
ҚР ӘМ	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
ҚР МЖМБС	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҰБТ	Ұлттық бірыңғай тест
КТ	Кешенді тест
ХС	Халықаралық стандарт
АІБ	Аралық ішкі бақылау
ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ҒЗЖ	Ғылыми-зерттеу жұмыстары
PhD	Философия докторы (академиялық дәреже)
IT	Ақпараттық технология



### Мазмұны

	Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің стратегиялық даму жоспарының паспорты	8
	Кіріспе	10
1.	Миссия, келешек және негізгі құндылықтар	13
2.	Ағымдағы жағдайды талдау және тиісті стратегиялық бағыттардың даму үрдістері	15
2.1	Университеттің басқару жүйесін жетілдіру	15
2.2	Кадрлар әлеуеті мен университет жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру жүйесін дамыту	16
2.3	Білім беру сапасы мен бәсекеге қабілетті кәсіби маман даярлауды қамтамасыз ету	17
2.4	Ғылыми зерттеулер мен инновациялардың сапасы мен нәтижелігін арттыру	19
2.5	Тәрбие жұмысын жаңарту мен жүйелі жетілдіру	21
2.6	Материалдық-техникалық базаны және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды нығайту және ресурстармен қамтамасыз ету	22
3.	Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер мен 2020 жылға дейін университеттің стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру бойынша күтілетін нәтижелер	27
4.	Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің перспективті моделі	37
5.	Стратегиялық жоспарды басқару	38
6.	Даму жоспарын жүзеге асыру кезеңдері	39
	Қорытынды	40



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

<b>Құжаттың атауы</b>	ХГТУ-ның 2016-2020 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары
<b>Жоспардың әзірлеушісі</b>	Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті
<b>Әзірлеу үшін негіз</b>	ҚР Президентінің 2010 жылғы 10 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен шыққан «2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы»; Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
<b>Мақсаты</b>	Барлық деңгейдегі тұтынушыларға сапалы білім беру негізінде қоғам мен мемлекеттік мүдде қажеттілігіне сай білікті кәсіби мамандарды дайындауды белгілейді
<b>Іске асыру мерзімдері</b>	2016-2020 жылдар
<b>Стратегиялық бағыттар (СБ) мен мақсаттар (СМқ)</b>	<p>1 СБ: Сапалы білім беру қызметтерін және бәсекеге қабілетті кәсіптік мамандар даярлауды қамтамасыз ету. 1.1 СМқ: Біліктілігінің деңгейі бойынша дамып отырған ішкі нарық мұқтаждықтарына және халықаралық стандарттар мен талаптарына жауап бере алатын кәсіби кадрларды дайындау.</p> <p>2 СБ: Өңірдің және елдің экономикасы мен әлеуметтік саласы басымдық салаларын ғылыми қамтамасыз ету. 2.1 СМқ: Өңірдің және елдің тұрақты инновациялық дамуы үшін іргелі зерттеулер базасында университеттың білімі мен білім беру инновациялық технологияларының бәсекеге қабілеттілігі мен сұранысқа ие болуына қол жеткізу.</p> <p>3 СБ: Адам капиталының маңызды сипаттамалары ретінде маманның бойында азамат және патриот, тарихи үрдісті жасаушы және өзінің өзектілігін дамыта білетін тұлға қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау.</p>





3.1 СМқ: Кәсіптік және әлеуметтік құзыреттілігіне ие азамат пен патриоттың өзіне сенімді және бәсекеге қабілетті тұлғасын тәрбиелеу.

**Стратегиялық міндеттер (СМ)**

1.1.1 СМ: Өңір және тұтас ел үшін жоғары білікті бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін кәсіптік оқу бағдарламаларын жетілдіру;

1.1.2 СМ: Диссертациялар қорғау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру жолымен университеттің кадрлық әлеуетін күшейту;

1.1.3 СМ: Университет материалдық-техникалық базасының дамуы;

1.1.4 СМ: Білім беру қызметтері сапасына бақылау жүргізудің заманауи тетіктерін пайдалану;

1.1.5 СМ: ЮНЕСКО және Болон үрдісінің Лиссабондық конвенциясы талаптарына сәйкес келетін кадрларды даярлау;

1.1.6 СМ: Білім, ғылым, өндіріс бірлігін жүзеге асыру.

2.1.1 СМ: Заманауи ғылыми инфрақұрылымды құру;

2.1.2 СМ: Ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыру;

2.1.3 СМ: Ғылыми зерттеулер сапасын арттыру;

2.1.4 СМ: Ғылыми қызметкерлерді ақпараттық қорлармен қамтамасыз ету.

3.1.1 СМ: Студенттердің ЖОО ішіндегі және сыртындағы ұйымдарға қатысуына қолдау көрсету;

3.1.2 СМ: Студенттерді белсенді әлеуметтік өмірге дайындау және олардың әлеуметтік құзыреттілігін арттыру;

3.1.3 СМ: Әлеуметтік тәуекелдерді төмендету бойынша іс-шаралар сапасын қамтамасыз ету;

**Қаржыландыру көздері**

Ақылы білім беру қызметтер көрсетуден түскен кірістер.



## **Кіріспе**

Кез келген елдің жетістікті дамуында жоғары білім анықтаушы рөл атқарады. ХХІ ғасырдағы технологияның өзгеруі интеллектуалды ресурстардың жоғары деңгейіне негізделіп, алдыңғы қатарлы елдердің осы ресурстарға байланысты бәсекелілігі тек экономиканың ғана емес, сондай-ақ тұтастай қоғамдық өзгерістердің болуының негізгі факторы болып табылады.

Жоғары оқу орнының білім беруі адами ресурстардың негізгі факторы болуымен қатар экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін стандарттарға сай болуы тиіс. Бұндай сәйкестіктің нысанды көрсеткіші – халықаралық аккредитация және әлемнің жетекші университеттерінің рейтингісіне ену. Қазіргі заманғы университет үш жақты міндетті шешуі тиіс: елдің қажеттілігін бағдарлауы, сонымен бірге жаһандық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілік, жұмыс берушінің талабына сай мамандар дайындау.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың бастамаларын жүзеге асыра отырып, аймақ үшін, білім беру, бизнес, техника және т.б. салалар бойынша мамандарды дайындауда тәжірибесі бар Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті жаһандануға байланысты өзгертін әлемдік нарықтың жағдайына бейімделген мамандарға деген қажеттілігін толық қанағаттандыруға тырысады.

Университеттің қызметі ҚР-ның «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылдың 1 ақпанындағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы «19» қаңтардағы № 131 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылдың 7 желтоқсанындағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған Білім беруді дамытуға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылдың 19 наурызындағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үдемелі индустриалды-инновациялық дамуы бойынша 2010-2014 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, ҚР Үкіметі өкімімен 02.03.2005ж. бекітілген №195 «Жоғары кәсіптік білім беру бағдарламаларын жүргізетін білім беру ұйымдарының типтік ережесіне» сәйкес жүргізіледі.

ХГТУ-нің 2016-2020 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары, еңбек нарығының барлық талаптарына жауап беретін, біліктілігі және қабілеті бәсекелес болуға мүмкіндік беретін жаңа буын мамандарын дайындауда академиялық ортаны қалыптастыруға бағытталған инновациялық тұрғыдан жоғары оқу орнын қалыптастырудың болашағын анықтайтын концептуалды құжат болып саналады.

Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті маман даярлауда халықаралық әлемдік деңгейдегі озық технология, инновациялық әдіс-



тәсілдерді қолданып, оқу үрдісінде кеңінен насихаттайтын қазіргі заман талабына сай, білім мен ғылымның инновациялық дамуын алға қойып отырған алдыңғы қатарлы білім ордаларының бірі. Университетіміз 2008, 2014 жылдары Мемлекеттік аттестаттаудан нәтижелі өтті. Жоғары білікті мамандар даярлау мақсатында халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті Қырғыз-Ресей қашықтан білім беру Институты (Қырғызстан Республикасы), Өзбекстан Республикасының жануарлар әлемі және өсімдік генофонды институты (Өзбекстан Республикасы), Құқықтану институты (Ресей Республикасы), Тәжікстан педагогикалық университеті (Тәжікстан Республикасы), Автономды коммерциялық емес қосымша білім беру ұйымы «Үздіксіз қосымша білім берудің сiбiр институты» (Омск), Омскі мемлекеттік педагогикалық университеті, Омск қаласы), Шығыс экономика құқықтану гуманитарлық академиясының заманауи технологиялармен білім беру институты (Томск қаласы), АГН Ғылыми техникалық университеті (Краков қаласы, Польша), (К.Д.Ушинский атындағы Ярославь мемлекеттік педагогикалық университеті (Ресей Республикасы), «Манас» атындағы қырғыз-түрік университет (Қырғызстан Республикасы), А.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті (Қырғызстан Республикасы), Халық өнерінің жоғарғы мектебі Омбы филиалы (Ресей Республикасы), Белорус мемлекеттік техникалық университеті (Белоруссия Республикасы), И.Раззаков атындағы Қырғызстан мемлекеттік техникалық университеті (Қырғыз республикасы), Вильдау қаласының қолданбалы ғылым техникалық университеті (Германия Республикасы), Пловдив қаласының тамақ технология университеті (Болгария Республикасы) М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетімен, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетімен және Д.Сокольский атындағы катализ және электрохимия институтымен (Алматы қаласы), консорциумдық келісім-шарт бойынша бірлесіп қызмет атқаруда. Болашаққа сенімді қадам басу-білікті маман, білімді ұрпақ тәрбиелеуден басталады деген қағиданы ұстанған жоғары оқу орны халықаралық байланысты нығайту арқылы әлем университеттерінің озық тәжірибелерін білім беруде оқу үрдісіне енгізуде.

2013 жылы университет «Сала көшбасшысы» медалімен марапатталып, Ұлттық сертификатқа ие болды.

Мемлекеттік лицензияға сәйкес, бүгінгі таңда университет білім, гуманитарлық ғылымдар, әлеуметтік ғылымдар және бизнес, өнер, жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласындағы төмендегідей 21 бакалавриат мамандығы мен 1 магистратура мамандығы бойынша білім беру қызметін жүргізеді.



**а) Бакалавриат:**

1. 5B010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
2. 5B010300 - Педагогика және психология
3. 5B010600 - Музыкалық білім
4. 5B010800 - Дене шынықтыру және спорт
5. 5B010900 - Математика
6. 5B011200 – Химия
7. 5B011300 - Биология
8. 5B011400 - Тарих
9. 5B011600 - География
10. 5B011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті
11. 5B011900 - Шетел тілі: екі шетел тілі
12. 5B012000 - Кәсіптік оқыту
13. 5B030100 - Құқықтану
14. 5B042100 - Дизайн
15. 5B050600 - Экономика
16. 5B050800 - Есеп және аудит
17. 5B050900 - Қаржы
18. 5B060200 – Информатика
19. 5B060800 – Экология
20. 5B070400 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
21. 5B073200 – Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)

**б) Магистратура:**

6M050600 - Экономика

Оқу орынының құрамына 4 факультет (педагогикалық, жаратылыстану-техникалық, экономика және заң, спорт және өнер) және 11 кафедра кіреді.

Аймақтарда мұндай университеттердің болуы интеллектуалдық ресурстарды өңірлердегі экономикалық даму орталықтарын құруға, ел экономикасының үдемелі дамуын қамтамасыз етуге және зияткерлік ұлт қалыптастыруға шоғырландыруға ықпал етеді.

Бұл бастамалар университеттің ғылыми-ақпараттық және тәрбиелік кешенін жасауда және оның қызметін ары қарай дамытуда стратегиялық жоспарды құрудың негізі болады.



## 1. МИССИЯ, КЕЛЕШЕК ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

### Миссиясы:

ҚР аймақтарында жұмыс берушілерінің барлық талаптарына сай жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрлерді дайындау мақсатында инновациялық технология негізінде білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру.

**Университеттің келешектегі көрінісі** – университет қызметінің барлық бағыттарында корпоративтік жүйенің тиімді жолдарына ие бола отырып, алдыңғы қатарлы озық әдістер мен технологияларды импорттаушы және тиімді қолданушы ретінде, әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті жоғары білімді мамандарды дайындайтын оңтүстік аймақтағы жоғары деңгейдегі білім беретін университетіне айналу.

Университет стратегиялық жоспардың міндеттерін іске асыру нәтижесінде заманауи ЖОО-ға айнала алады және Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіндегі әлемдік деңгейдегі талаптарға жауап беретін ғылыми-әдәстемелік орталықтың көшбасшылардың бірі бола алады.

Университеттің 2016-2020 жылдардағы Даму стратегиясы ұзақ мерзімді басымдықтарды анықтайтын ресурстарды мүмкіндіктерін пайдаланып білім берудің ұлттық жүйесінің және өңірді дамытудың мақсаттары мен міндеттерін орындауға бағытталған.

Жоғары білікті мамандарды дайындау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын күшейту, қызмет түрлері бағыттарын кеңейту, ұжым мүшелерінің еңбек тиімділігін ұйымдастыру, ОПҚ санын көбейту сияқты барлық процесс сапасын ұйымдастыру дамыту артықшылықтары болып саналады.

**Басты мақсат:** Жалпы Қазақстан бойынша отандық білім беруді нығайту жолында жүйелі дайындық арқылы халықаралық деңгейде жеткізетін жоғары білікті педагогика, экономика және құқық, техника мен технология, тарих және филология, өнер және дене шынықтыру салаларында мамандар даярлауды нығайту.

**1 кезең - 2016-2018 жылдар.** Кезеңнің негізгі міндеті- университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту, қажетті мамандарды қалыптастыру, барлық деңгейдегі жаңа білім беру бағдарламаларын дамыту және қызметтің басым бағыттарын жетілдіру, жоғары білім беру жүйесінің барлық деңгейінде алдыңғы қатарлы құзыреттілікті-бағытталған стандарттар мен үлгілерін жоғары білім берудің барлық кезеңдерінде қалыптастыру және тарату.

**2 кезең - 2018-2020 жылдар.** Бұл кезеңде университет мамандар даярлауды халықаралық деңгейге шығаруды көздейді, мамандарды дайындаудың халықаралық аккредиттелген бағдарламалары бар таңдаулы университет құру, білім беру, зерттеу және нарықтық бәсекеге қабілетті ортада кәсіби бағыттағы университет үшін алдыңғы орындарға шығу; халықаралық



деңгейдегі бәсекеге қабілетті ортада өз елінің мүддесіне бағытталған жоғары деңгейдегі маман ретіндегі университет түлектерін дайындау.

### **Негізгі құндылықтар**

Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінде атқарылатын барлық іс-шаралар төменде көрсетілген құндылықтар шеңберінде жүзеге асырады:

- **Достық, теңдік және төзімділік:** Университет, барлық іс-шараларын достық, теңдік және мәдени айырмашылықтарға құрмет көрсету және өзара төзімділік таныта отырып жүргізеді.
- **Ғылыми тұрғыдан қарастыру:** Университет, білімге қол жеткізуді, біліммен қамтамасыз етуді, ғылыми іс-шараларды жоғары деңгейде жүзеге асыруды басшылыққа алады. Осы тұрғыдан ешқандай шектеуге жол бермейді.
- **Сапа түсінігі:** Университетте оқу-тәрбие және ғылыми жұмыстарды халықаралық стандарттарға сай жүргізу және сапалы көрсеткіштерге қол жеткізуді міндеттейді.
- **Айқындылық:** Оқу орнындағы үдерістер университет қарым-қатынас орнатылған ұйымдар/мекемелер (жұмыстар) алдында ашық-айдын жүзеге асырылады.
- **Есеп беру міндеті:** Түрлі санаттағы жауапты тұлғаның өзі атқарған жұмыстарға, қабылдаған шешімдеріне есеп беру міндеті бар.
- **Әділдік:** Университет басшылығы мекеме қызметкерлерінің арасында бөлінушілікке, жікшілдікке жол бермейді, бейнетке, қабілеттілікке маңыз береді және атқарылған жұмысқа құрмет көрсетеді.
- **Үздіксіз даму:** Оқытушылар және қызметкерлер университеттің бүкіл жұмыстарын әрқашан жақсартуға және дамытуға әрекет жасайды.
- **Қоршаған ортаны қорғау:** Университет қызметкерлері табиғаттың қорғалуына және дамуына өз үлестерін қосуға аянбайды.
- **Келешекке сенім:** Университет қызметкерлері келешекке зор үмітпен қарайды.
- **Қоғамға пайдасы:** Университет негізгі қызметін қоғам мүддесін назарға ала отырып тығыз қарым-қатынаста жүзеге асырады, қоғамның әрбір мүшесінің өмір бойы білім алуына қолдау көрсетіп үлес қосады.





## II. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТИІСТІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРДЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

### 2.1 Университеттің басқару жүйесін жетілдіру

#### Стратегиялық бағыттың дамуының негізгі параметрлері

Университетті басқарудың тиімді жүйесі қазіргі жағдайда бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету шарттарының бірі болып келеді.

Университет құрылымдық бөлімшелері мен бөлімдері көп ұйым болып табылады.

ХГТУ-нің басқару жүйесіне жасалған талдау көрсеткендей, ол жоғарғы деңгейде бүкіл ұйымның қызмет тиімділігін қамтамасыз ететін функционалды бөлімшелерді төменгі деңгейде дербестіктің белгілі бір дәрежесінде және тиісті жауапкершілікке ие бола отырып, жедел басқаруды қамтамасыз ететін бөлімшелерді (факультеттер мен кафедралар) құруды қарастыратын функционалды сипатқа ие.

Университеттегі корпоративтік мәдениеттің ахуалы барлық қызметкерлер арасындағы ортақ рухани қазыналардың жиынтығымен анықталып, өз тарихынан, дәстүрінен және тиісті әрекет қондырғыларынан келіп туындайды.

Университетте «ХГТУ оқытушылары мен қызметкерлерінің ар-намыс кодексі» және «ХГТУ студентінің ар-намыс кодексі» әзірленіп, бекітілген. «ХГТУ оқытушылары мен қызметкерлерінің ар-намыс кодексі» ХГТУ оқытушылары мен қызметкерлерінің өзара және студенттермен, магистранттармен, облыстық, қалалық, аудандық білім мекемелері және кәсіпорындарының, басқа да оқу орындарының қауымдстықтардың өкілдерімен қатынас жасаудың негізгі этикалық ережелерін анықтайды. ХГТУ-нің әр оқытушысы мен қызметкері осы Кодекстің нормаларын орындай отырып, оның имиджі мен іскерлік беделін арттыруға өз үлесін қосады.

Оқытушы немесе қызметкерді жұмысқа алған кезде, кафедра меңгерушісі мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары оларды «ХГТУ оқытушылары мен қызметкерлерінің ар-намыс кодексі» ережелерімен таныстырады.

«ХГТУ студентінің ар-намыс кодексі» университетке оқуға қабылданған сәттен бастап, оқуды бітіргенше студентке қойылатын бірыңғай талаптарды анықтайды.

Студенттер университетке оқуға түскеннен бастап, алғашқы тәлімгерлік сағаттарда «ХГТУ студентінің ар-намыс кодексі» ережелерімен танысады. Студенттер мен қызметкерлердің жүгінуі үшін, университет ректорының сайты мен барлық корпустарда «Сенім жәшігі» жұмыс істейді.

Имидж саясатын жүргізу арқылы сыртқы ортада университеттің заманауи имиджін қалыптастыруы бойынша белсенді жұмыстар атқарылып келеді. ХГТУ-нің имидждік саясаты аймақтық, республикалық және халықаралық деңгейде түрлі салаларда стратегиялық және тактикалық міндеттерді шешуге ықпал ететін ХГТУ-нің қолайлы бейнесін жасауға, мақсатты жарнамалауға



және басқаруға. Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ақпараттық және коммуникативтік ресурстарын тиімді үйлестіре отырып пайдалануға бағытталған.

2014 жылы ХГТУ ҚР БҒМ Мемлекеттік аттестаттаудан 5 жылға табысты өтті.

#### **Негізгі мәселелерді талдау**

Басқарудың заманауи үдерістерін ескеретін болсақ, сертификатталған сапа менеджмент жүйесі ендірілмегендіктен ХГТУ-нің басқару белгілі бір қолайсыздықтарға ие болып, жекелеген функционалды міндеттердің қайталана отырып, жеткіліксіз шамада ұтқыр болып келді. Университеттегі ақпараттық басқару жүйесі оқу үдерісін басқаруға ғана бағытталған.

Университетте қызметкерлерді басқару стратегиясы жетік дамымаған, кадр саясаты да жеткіліксіз әзірленген, оқытушылардың сапаны арттыруға ынтасын арттыру жүйесі жетік дамымаған. Университеттің әлеуметтік жауапкершілігін дамыту мәселелері жеткілікті ескерілмеген. Білім беру ұйымдарының менеджментінің шетелдік тәжірибесі нашар пайдаланылады.

#### **Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау**

Мемлекеттік және аймақтық билік органдарын, білім, ғылым мекемелерін, ХГТУ туралы БАҚ-ты таныту ХГТУ-нің заманауи имиджін танытатын негізгі сыртқы факторлар болып табылады.

Ішкі корпоративтік мәдениет, ҚР жетекші аймақтық жоғары оқу орны бейнесі ХГТУ-нің заманауи имиджін анықтайтын басты ішкі факторлар болып табылады.

## **2.2 Кадрлар әлеуеті мен университет жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру жүйесін дамыту**

#### **Стратегиялық бағыттың дамуының негізгі параметрлері**

Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің кадрлар әлеуеті ғалымдар мен жоғары білікті мамандардан, еңбегі сіңген білім, ғылым, мәдениет және спорт қайраткерлерінен құралады. ОПҚ-ның жалпы саны - 307 оқытушы, оның ішінде 287-і штаттық оқытушылар (93,6%). Жалпы саны: ғылым докторлары – 12, ғылым кандидаттары – 136. Штаттық ОПҚ-ның жалпы санына шаққанда ғылыми дәрежелі және атағы бар ОПҚ үлесі – 50%.

Ғылыми-педагогикалық қызметкерлер құрамының сапалық құрамына жасалған талдау көрсеткендей, ғылыми дәрежелі және атағы бар ОПҚ үлесі нормативтік деңгейге сай келеді. ОПҚ құрамына ҚР ҰҒА 1 академигі бар.

Кадрларды іріктеу мен орналастыру ҚР Еңбек Кодексіне (15 мамыр 2007 жылғы № 251), ҚР БҒМ 14.12.2007 жылғы №635 бұйрығымен бекітілген «ЖОО ОПҚ және ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарын конкурстық орналастыру ережелеріне» (21.01.2008 жылы күшіне енген) сәйкес жүргізіледі.

Соңғы 3 жылда ХГТУ-нің профессор, оқытушылары біліктілігін арттыру





мақсатында ТМД елдерінде және Қазақстанның алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өтті.

Сонымен, ХГТУ-нің кадрлық әлеуеті жас ерекшелігін, ғылыми және педагогикалық біліктілігін, практикалық тәжірибесін, іскерлік белсенділігі мен қызмет сапасын ескере отырып, оқытушылардың қазіргі кезеңдегі дайындығын, сонымен қатар ұзақ мерзімді перспективадағы олардың мүмкіндіктер жиынтығын танытады.

### **Негізгі мәселелерді талдау**

Педагогикалық кадрларға жалақы төлеудің қалыптасқан жүйесі кадрлардың ғылыми өсуін жеткілікті шамада ынталандырып отырған жоқ. Жалақының төмендігінен университеттің білікті ғалымдары ұлттық жоғары оқу орындарына, бизнеске, мемлекеттік құрылымдарға кетуі ұлғая түсуде.

Кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта дайындау жүйесі жеткілікті шамада оқытушылардың 75%-ы білім жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын Қазақстан бойынша біліктілікті арттыру бағдарламасы аясында біліктіліктен өтуде. Университеттің қаржы мүмкіндігі шетелдің жетекші жоғары оқу орындарында біліктілігін арттыруға мүмкіндік бермейді.

### **Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау**

Сыртқы факторлар – ЖОО оқытушысының жалақы деңгейі мен еліміздегі жалақының орташа деңгейінің арасындағы сәйкессіздік, оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін арттыруға арналған бағдарламалық қаржыландырудың жоқтығы.

Ішкі факторлар – университетте ОПҚ мен қызметкерлердің еңбек мотивациясының жүйесі жеткілікті шамада жетілдірілмеген.

- жас оқытушылардың өз бетімен білімін толықтыру және кәсіби өсуге ұмтылыстарының жетіспеушілігі.

## **2.3 Білім беру сапасы мен бәсекеге қабілетті кәсіби маман даярлауды қамтамасыз ету**

### **Стратегиялық бағыттың дамуының негізгі параметрлері**

ХГТУ-де мамандар дайындау екі деңгейлі жүйеде жүзеге асырылады: бакалавриат – магистратура. Бакалавриаттың 21 мамандығы бойынша, оның ішінде 12 мамандық – білім бағыты, 2 мамандық - жаратылыс ғылымдары бойынша, 3 мамандық – «әлеуметтік ғылымдар мен бизнес» бағыты, 2 мамандық – техника ғылымдары мен технологиялар, 1 мамандық – «өнер» бағыты, 1 мамандық – «кұқық» бағыты және магистратураның 1 мамандығы.

Оқу үдерісі нәтижелілігінің жоғарғы көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін, университетте академиялық адалдық пен этика, білім алушылардың оқу жеткістіктерін бағалаудың шынайылығы, ашықтығы және Болон процесіне



сәйкес академиялық дәрежелердің, оқыту әдістері мен бақылаудың танылу принциптері бекітілген.

Университетте оқу үдерісі мониторингі өткізіледі. Студенттер, оқытушылар мен жұмыс берушілер арасында сауалнама тұрақты жүргізіліп отырады. «Оқытушы студенттердің көзімен» сауалнамасының нәтижесі бойынша білім алушы оқытушыны таңдай алады, ал педагогтар оқыту сапасын арттыру бойынша өз қызметін жақсартып алады.

Оқу үдерісін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар:

- студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығына жағдай жасау, кредиттік оқыту технологиясының мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану;
- оқу үдерісін жақсы ұйымдастырудың тетіктері мен процедураларын жетілдіру, белсенді және интерактив оқыту әдістерін (іскер ойындар, нақты оқу жағдайы, логикалық ойлау әдістері, миға шабуыл және т.б.) пайдалана отырып, инновациялық оқыту әдістерін енгізу;
- білімгерлердің мамандануға бағытталған оқытудың жеке траекториясын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Халықаралық білім бағдарламаларына бет түзей отырып, университет инновациялық білім технологияларын белсенді ендіріп келеді.

Ең жаңа инновациялық, ақпараттық және білім технологиялары мен оқыту әдістері белсенді пайдаланылып келеді: проблемалық оқыту, тұлғаға бағытталған оқыту, қашықтықтан оқыту технологиялары, электрондық оқулықтар мен оқу құралдары, компьютерлік оқыту бағдарламалары.

### **Негізгі мәселелерді талдау**

Университет кез келген шаруашылық жүргізуші субъект ретінде тәуекел және айқын еместік жағдайында білім беру үдерісінің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асырады. Мүмкін болған қауіптерге мыналарды жатқызуға болады:

- аймақ пен республикадағы бәсекелестердің белсенді саясаты;
- жекелеген салалардың құлдырауы немесе олардың нашар дамуымен байланысты студенттер қабылдаудың азаюы;
- экономикалық дағдарыс, экономикалық жүйенің жоспарлы жүйеден нарықтық жүйеге өзгеруі салдарымен байланысты демографиялық ахуалдың өзгеруі;
- әлеуметтік әріптестіктің нашар дамуы;
- жұмыс берушілерді мамандар дайындауға тарту бойынша заңнамалық базаның жеткіліксіздігі.

### **Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау**

Сыртқы факторлар:

- демографиялық үдерістерге байланысты студенттер контингентінің азаюы;



- оқыту бағдарламасын жасауда аймақтық және республикалық, халықаралық кәсіби және ғылыми бірлестіктер және жұмыс беруші қауымдастықтарды тарту механизмдерінің өңделмегендігі.

Ішкі факторлар:

- студенттер мен оқытушы-профессорлар құрамын қолдап-қуаттайтын әлеуметтік бағдарламалар дамымаған;
- еуропалық біліктілік шеңберіндегі талаптарды есепке ала отырып күзиреттілік үлгісінде жасақталған кәсіби оқу бағдарламасының болмауы.

## **2.4 Ғылыми зерттеулер мен инновациялардың сапасы мен нәтижелігін арттыру**

### **Стратегиялық бағыттың дамуының негізгі параметрлері**

Ғылым және білім бағдарламаларын интеграциялау, ғылыми әлеуетті арттыру, сонымен қатар ғылым, білім және инновациялық-өндірістік қызметті интеграциялау ХГТУ-нің басым бағыты болып табылады.

ХГТУ-нің ғылыми-зерттеу жұмысы бағыттарын таңдау саясаты ҚР Үкіметі анықтаған ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес жасалған.

Ғылыми зерттеулер жоспары ағымдағы жылдарға арналып бекітілген. ҒЗЖ жоспары, оқытушылардың жеке жұмыс жоспарларына және ғылыми-зерттеу жұмыстарының келешек тақырыптық жоспарларына сәйкес, кафедралар мен факультеттерде жүргізілетін оқу үдерісімен тығыз байланысты өткізіледі.

Кафедраларда мемлекеттік грант негізінде жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстары орындалуда. Университетте 101 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бағдарламашасы (подпрограмма), 055 «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық әрекет» бюджеттік бағдарлама бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінің 156 спецификациясы бойынша 2015-2017ж. аралығында «Қазақстандағы мұнай-газ және құрылыс салаларына арналған композициялық, антиоксиданттық, имидазолиндік беттік-әрекетті заттарды алу мақсатында сапасы төмен май шикізатын қайта өңдеу технологиясын әзірлеу» тақырыбында «Д.В. Сокольский атындағы электрохимия және органикалық катализ институты» АҚ - мен келісім шарт негізінде 2015-2016жылдарға 4280 000тенге бөлінді және жұмыс жүргізіліп жатыр.

6 қыркүйек 2016 жылы ЖШС «ЭКО-ФАРМ» мекемесімен техникалық тапсырмаларға сәйкес «ОҚО өсімдіктерді биологиялық әдістермен қорғаудың экономикалық тиімділігін бағалау» тақырыбында 1500000 тенге көлемінде ғылыми жұмысты орындауға келісім шарт түзіліп, жұмыстар орындалуда.

5 қазан 2016 жылы «ОҚО әлеуметтік экономикалық дамуын стратегиялық жоспарын жасау және бағалау» тақырыбында 1000000 тенге «Шымкент обаға қарсы күрес станциясы» РММ мекемесімен келісім шарт ғылыми жұмысты орындауға түзіліп, жұмыстар орындалуда.

Жүргізілетін ҒЗЖ-ның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерінің бірі университет қызметкерлерінің түрлі ғылыми



конференцияларға қатысуы. Жыл сайын ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоспарына сәйкес студенттік ғылыми конференциялар өткізіледі. Жалпы алғанда, 2013-2016 жылдары университет ОПК-ы Қазақстан мен шетелде өткізілген 47-тен астам ғылыми конференцияларға қатысып, түрлі журналдарында 573 мақала жарияланды.

«Ғылым арқылы оқыту» принципін жүзеге асыру студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына баулуды көздейді. Университетте 20 студенттік ғылыми үйірме жұмыс істейді. Мұнда студенттер эксперимент жүргізу, алған нәтижелерді өңдеу дағдыларын меңгереді, көрнекі құралдарды, зертхана құрылғылары мен техникалық оқыту құралдарын жобалайды және дайындайды.

Ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастық тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етудің бір факторы болып табылады. Қазіргі таңда университетте алыс және жақын шетелдің 7 елінің 17 жоғары оқу орнымен, ұйымдармен және ғылыми-зерттеу институттарымен біріккен шарттар және меморандумдар жүзеге асырылып келеді.

Адами капитал – бұл инновациялардың және экономиканың тиімділігін артырудың негізгі қорғаушы күші. Университетіміз оқу бағдарламаларды жетілдірумен шектелмейді. Ғылыми – зерттеушілік қызметті белсенді дамыту мақсатында білім беру саласында әлеуметтік жауапкершілігі жоғары жеке бизнестің, қайырымдылық ұйымдар мен жеке азаматтардың көмегін қабылдайды. Білім алуда оқу ақысын өз бетінше төлей алмайтын жастарға көмек береді.

Болашақта жоғары білікті мамандарды дайындау мақсатында және арнайы оқу-ғылыми-зерттеу зертханаларын құруға, университеттің материалдық-техникалық базасын нығайтып, дамытуға келесі мекемелер инвестор болуға келісімдерін беріп отыр: ЖШС “Ordabasy Group”, ЖШС “Алтын дән”, ЖШС “Эко-Фарм”, АҚ “Институт органического катализа и электрохимии им. Д.Сокольскоко” г.Алматы, ЖШС “Новая технология”, ЖШС “Қаракөз-26”.

### **Негізгі мәселелерді талдау**

Ғылыми-педагог кадрлардың шетелдік ғылыми бағдарламаларына жеткілікті шамада қатыспауы.

Инновацияларды басқару және коммерцияландыру саласында мамандардың нашар қамтылуы.

Жас және орта жастағы ғалымдардың төмен пайыздылығы.

Студенттердің қаржыландырылатын ҒЗЖ орындауға тартылуының төмен пайыздылығы. Импакт-факторлы ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалардың саны жеткіліксіз. Шетел тілін жеткіліксіз меңгеру және осыған байланысты озық ғылыми ойды пайдаланудың қиындауы.

### **Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау**

Сыртқы факторлар – аймақтағы әріптес-жоғары оқу орындарының



белсенді бәсекелестік саясаты.

Ішкі факторлар – ғылыми жұмыскерлердің бизнеске кетуі, ғылыми мектеп ғалымдарының «қартаюы».

## **2.5 Тәрбие жұмысын жаңарту мен жүйелі жетілдіру**

### **Стратегиялық бағыттың дамуының негізгі параметрлері**

Тәрбие жұмысының жүйесі адамның кәсіби, әлеуметтік, зияткерлік, адамгершілік қасиеттері мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Университетте студенттік өзін-өзі басқару жұмыс істейді, жастардың бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетіледі. Студенттер университетті басқаруға белсенді қатысады, «Студенттік өзін-өзі басқару күндері» өткізіледі.

Университеттің студент жастары жастар бірлестіктерінің мүшесі бола отырып, Қазақстанның мемлекеттік жастар саясаты үдерістеріне белсенді қатысып келеді.

Тәрбиелеудің маңызды бағыттарының бірі студенттердің салауатты өмір салты дағдылары мен икемділіктерін меңгеру болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін, университеттің спорт базасын қалпына келтіру мен нығайту бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды, бұл кешендер сабақ өткізу, халықаралық, республикалық және аймақтық спорт іс-шараларын өткізу, сонымен қатар ҚР ұлттық және олимпиадалық құрама командаларын жаттықтыру үшін белсенді пайдаланылып келеді. Ресейде өткен белбеу күресінен әлем чемпионатында екі студент, фристайл спорт түрінен әлемдік деңгейде және Қазақстан чемпионатында 1 студент, каратэ-до спорт түрінен әлемдік деңгейде 1 студент чемпион атанғандары осы жұмыстардың қортындысы болып келеді. Сонымен қатар өнер саласында облыстық “Арай” ән байқау конкурсында 1 орын алып, ХГТУ студенттері республикалық конкурстарға жолдама алды.

Жастардың әлеуметтік құқықтары мен мемлекеттік кепілдіктерін жүзеге асыру бойынша стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін, студенттердің әлеуметтік өмір жағдайларын жақсарту, сонымен қатар студенттердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп келеді. 2 студент - ҚР Президентінің мемлекеттік стипендияларының иегерлері. 3 студент - талантты спортшылар, шығармашыл жастар мен аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттерге университет жүз пайыздық жеңілдік берді. Жетім балалар қатарына жататын 12 студентке ерекше мән беріледі.

### **Негізгі мәселелерді талдау**

Қазіргі жағдайда дәстүрлі тәрбие формалары, әдістері мен технологиялары әлемдік өркениет үдерістерінің серпінділігі аясында еліміздің қазіргі және перспективалық дамуына сай келетін Қазақстан Республикасының азаматы





тұлғасын қалыптастыруды толық шамада қамтамасыз етеді.

Маманның кәсіби өсуі мен құзіреттілігіне бағытталған білім беру үдерісінің құзіретті парадигмасы өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің тағдырына жауапты екенін түсіуге дайын, бағалы әлеуметтік қасиеттерді тасымалдаушыны тәрбиелеуге бағдар тұта отырып, әлеуметтік құзіреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін тәрбие үдерісін ұйымдастырудың инновациялық әдістерін қажет етеді.

Мұның өзі университетте тәрбие жұмысын одан әрі жетілдіруді және оны оқу және ғылыми үдерістермен үйлестіруді талап етеді. Тәрбиені Қазақстанның студент жастары негіз болып табылатын зияткерлік ұлт құруға бағдарлау қажет.

### **Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау**

